

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТТІЛДІК ПРОДУКТИВТІ БІЛІКТЕРІН ДАМУ

Бастауыш сынып ілкімді сапалы білімнің іргетасы іспеттес.Білім берудің аталмыш сатысындағы оқушылар ақпаратты санасына тез сіңіретін, сезімтал, нағыз қабылдау жасында болғандықтан қолайлы жағдай туғызғанда тілдік білімді игеріп кетуге мейілінше икемділік таныта біледі.Тілдерді меңгеру мәдени жобасы аясында қазақ, орыс, ағылшын тілін оқыту балабақшадан басталып сатылы негізде іске асырылып жатыр.Балдырғандарымыз ортаның қолайлы ықпалының арқасында тіл үйрену бағытында келесі сатыға қадамын нық басса, жарқын болашақта сапалы білімге негіз қаланар еді[1].Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті құзыретін арттырады, олардың қызығушылығын оятуға дем береді, біртіндеп көп тілде қатысымға түсуге мүмкіндік алады.Әлем мойындаған аталмыш халықаралық тіл ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шындай түседі.Яғни қазіргі заманда ағылшын тілін білу – уақыт талабы. Тілді үйрену сабақтарында бір-бірімен тығыз байланыстыра отыра тындап-түсіну, оқу, жазу, сөйлеу дағдыларын дамыту сабақ барысында жүзеге асып отырғаны абзал деген ойдамыз[2].Аталған сөз әрекетінің төрт түрі арасында тыңдалым мен оқылым рецептивті біліктерге жатса, сөйлесім мен жазба тіл продуктивті біліктерді айқындайды. Зерттеуіміздің аясында соңғы екі білік тілге тиек етіледі.Сөйлесімнің негізін монолог пен диалог құрайды. Монолог - кейіпкердің көпшілікке қарата немесе өзіне арнап айтқан сөзі, толғанысы, өсиет-уағызы. Сөз өнерінде жиі қолданылатын монолог кейіпкердің ішкі жай-күйін, сырт ортаның өзіне әсер еткен жағдайына байланысты туған толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылады. Мысалы, «who? what?» деген сауалдардан көрі «why?, why not? why do think so? сұрақтары оқушының ойын ұшқырлыққабаулиды. Ой-пайымды қуаттайтын төмендегі сұрақтар да білім алушылардың тілін ұштауға, сөйлеуге машықтануға ықпал етеді.

- Do you like to go to the cinema? How often do you go to the cinema? (once a week, twice a month, never, etc.)

- What kind of films do you like most? Can you name some popular films made in Kazakhstan?
- When did you last go to the cinema and what film did you see?

Монолог сөз дағдысын дамытуға бағытталған жаттығулардың келесі түрінде орындауға болады.

- Алмастыру – I have a pen (a book)
- Өзгерту-He has a book. He has no book.
- Толықтыру, кенейту- I have an interesting English story book at home.
- Тақырыпты суреттің мазмұнын баяндау
- Екі сурет немесе екі мәтін арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау
- Сатуға қойылған заттар қасиетін сатып алушыға жеткізе білу(сипаттайбілу)

Диалог – екі тараптың ақпарат алмасуының айғағы. Адамдар арасындағы қатысым амандасудан басталады. Мұғалім сабаққа кіргеннен оқушылармен диалог- сұхбат аясында болады. Диалог сөзі тындап -түсінумен біте қайнасқан. Мақсатты ұйымдастырылған жағдаяттар арқылы сөйлесімге баулу оқушыларды қызықтырады, ақпарат алмасуға қажеттілік туғызады.Диалог реплика-стимул және реплика- реакциядан құралады. Алғашқы сөйлеуші әңгіменің басталуына түрткі болады, адресатты әңгімеге шақырады (сұрайды, бұйырады, келіседі, келіспейді, өтінеді т.б.)Диалог сөзініңформаты да әртүрлі болады. Мысалы,уәжға- уәж, сұрақ — жауап,сұраққа- қарсы сұрақ.Рөлдік ойындар, симуляциялар, қойылымдарағылшын тілі сабағында оқушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады., тілге машықтануға жағдай туғызады.Бастауыш сыныпта жалпы ойын технологисын қолданудың рөлі ерекше.Оқушылардыңқойылған сұрақтарға жылдам жауап қайтаруға машықтандыратын «Пинг-понг» ойынын мысалға келтіруге болады.

- Do you like playing badminton?
- Yes, I do.
- Can you play it well?
- Yes, I can.
- Do you play it in summer?

- Yes, I do.
- Is it difficult to learn how to play it?
- No, it isn't.
- Will you teach me to play it?
- Yes, it's my pleasure.

Тілдік жаттығудың мақсаты – сабаққа деген бетбұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым – қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарлата түседі.

Жазу және жазба тіл дағдылары басқа біліктермен тығыз байланыста дамиды. Әріптерді, сөздерді, сөз тіркестерін жазу, сөйлем құрап жазу, әр түрлі форматтағы диктанттар, мазмұндама, шағын шығарма жаза білу қабілеттерін дамыту аталмыш білікті жетілдіруге қызмет етеді. Жазуға үйрету және емле қателіктерін алдын алу үшін мұғалім төмендегідей жаттығуларды ұсына алады:

1. Көшіру (copying)

а) ұқсас сөздер: room – spoon – moon

ә) естілуі ұқсас, жазылуы әртүрлі сөздер: two – too sea – see one – won. Оқушылар бұл сөздерді жазғанда оның құрамындағы әріпті атауы керек. Ережеден тыс сөздерге көп көңіл бөлу керек: sure; usual; clerk; soldier. Оқушыларды таныс айтылымдарды, сөйлемдерді көшіру арқылы жазуға машықтандыруға болады. Сонымен қатар үй тапсырмасы ретінде тыныс белгілері қойылмаған шағын мәтін беріп оны ретке келтіру міндеті тапсырылады. Жазу дағдыларын жетілдіретін жіктеу, топтау, анықтамасын айқындау сияқты логикалық операциялармен бірге сөзжұмбақ, ребус, әріптердің, сөздердің қисынынтауып, ретімен орналастырып мақал мәтелдер, идиомалар, аталы сөздер түзу де тілге деген қызығушылықты арттыратыны күмән туғызбайды.

2. Диктант – жаттығудың күрделілеу түрі. Диктанттың мынадай түрлері бар:

а) Көріп жазу диктанты. Мұғалім тақтаға сөзді, айтылымды, сөйлемді жазады, ал балалар оларды оқып жазылу сұлбасын есте сақтауға тырысады. Содан кейін мұғалім сөздерді тақтадан өшіріп тастайды, ал балалар естерінде қалған сөздерді дәптерлеріне жазады.

ә) Жаттығып машықтану диктанты. Мұғалім сөйлемді оқиды. Емлесі қиындау сөз тақтаға жазылады, келесі бір оқушы сөздің ішіндегі әріптерді атап шығады. Содан кейін балалар сөздерді дәптерлеріне жазады, ал мұғалім қатарлардың арасында жүріп оқушылардың жұмысын қадағалайды. Сөйлемнің дұрыс нұсқасын жазған бала тақтаға шығып, сөйлемнің көшірмесін бейнелейді. Диктанттың бұл түрі 10 – 12 минутқа созылады. Жазу жұмысының бұл түримащықтану ақиқат өлшемі қағидатына саяды. б) Өзіндік диктант жазу. Үйде жаттап келген мәтінді не тақпақты оқушылар сыныпта мәнерлеп жатқа айтады, содан кейін сол тақпақты не мәтінді дәптерлеріне жазып, ақпаратты бекітеді [3,4].

3. Мазмұндама. Бастауыш сынып оқушыларына ұсынылатын мазмұндама бағдарламалық тақырыптардың аясында іске асырылады, жазба оқушылардың ақпаратты есте сақтау қабілетін арттырумен қатар олардың логикалық ойлау жүйесін, емлесі дағдыларын да дамытатыны сөзсіз.

4. Шағын шығарма жазу. Бастауыш сынып оқушыларын жас жазушылар ретінде даярлау қағидатын іске асыру да қоғам мен өмір талабынан туындап отыр. Жазудың бұл формасын іске асыру үшін шетел тілі мұғалімінің регулятивтік әмбебап оқу әрекеттері туралы түсінігі болу керек, яғни оқушы мұғалімнің көмегімен өз бетімен білім алуға машықтанып, материалды өндеп іске жарата білу қабілетін дамыту. 11 жасқа дейінгі оқушыларды ойлану, орындау, рефлексия, өз қабілетіне сенімін арттыру сатысынан өткізіп, мақсат қою-жоспарлау, болжам жасап- бақылау, түзету және бағалау сияқты регулятивті бесаспап оқу әрекетін орындауға баулу. Шетел тілі мұғалімі скэфолдинг - стратегияларды қолданып, шекті деңгейде пікірталас ұйымдастырып, нақты мысалдар келтіріп отырады. Осы бағыттағы ізденістер өзін өзі оқытуды модельдеуге, білімді меңгеру мәдениетін жақсартуға, кеңірек пайымдағанда өзін өзі дамыту, өз бетімен білімін ұштау әрекеттеріне жетелейді [5].

Шеттілдік білім беруде бастауыш сынып оқушыларының продуктивтік біліктерді меңгеру ерекшеліктерін анықтау мақсатында Сәтбаев қаласындағы Абай атындағы 4-ші мектеп -лицей тәжірибелік-эксперимент базасы болып белгіленді. Зерттеу жұмысы сауалнама негізінде 4-ші қазақ сынып оқушыларын қамтыды. Сауалнамаға 11 оқушы қатысып, ағылшын тілін меңгеруде продуктивті біліктерді дамытуға байланысты 10 сұраққа жауап берді. 1-сұрақ оқушылардың ағылшын пәніне көз қарасын анықтаумен байланысты болды. Оқушылардың 91% ағылшын тіліне қызығушылық танытатынын білдірді. Ағылшын тілінің өмірде қажеттілігіне байланысты 2-сұраққа барлық оқушы ағылшын тілі болашақта кез келген мамандық иесіне халықаралық тіл ретінде міндетті

түрде қажет деп есептейді. Ағылшын тілі сабағында сөйлесе білу қабілетімен байланысты 3- сұраққа оқушылардың 20% сабақта өз ойын мұғаліммен және құрбыларымен бөлісе білетінін жеткізді. Оқушылардың 46% сабақ аясында арақидік сөз әрекетіне қатысатынын білдірді. Өкінішке орай, оқушылардың 34% сөйлесімге келгенде қиналатынын ашық айтты. Біздің пікірімізше, бұл жағдай ағылшын тілі сабағында тыңдалым білігін дамытумен байланысты машықтану жаттығуының аз қолданылуы монолог пен диалог сөз біліктерінің нашар жетілуіне бірден бір себеп болуы да мүмкін. Керісінше, 4-сұрақта оқушылардың 50% пайызы ағылшын тілі сабағында жазу жазатынын, 27% - анда- санда жазу дағдыларын дамытатынын, ал 23%- жазба жұмыстарын орындамайтынын жеткізді. Оқушылардың 73% ағылшын тілі пәнінен жазбаша үй тапсырмасын орындайды. Ағылшын тілінен өз еркімен оқушылардың 18% үйде әртүрлі жазбаша жұмыстар орындаса, 9%- ештеңе жазбайды. 6-сұрақ оқушыларды ағылшын тілі сабағында қызықтыратын оқу әрекеттерімен байланысты болды. Оқушылардың ән айтуға (28%), сөздерді жазуға (36%), сөзжұмбақтарды шешуге (20%) ықыласы ерекше болса, мәтінді тыңдауға немесе сөйлесуге құлшыныстарының байқалмауы (16%) бізді алаңдатпай қоймайды. 7-сұрақ бойынша ағылшын тілі сабағында көбірек сөйлейтін тұлғаны анықтау қиынға соқпады, сабақ уақытының 60% мұғалімге тиесілі екені, барлық оқушылар 40% - бен қанағаттанатыны белгілі болды, бұл мәселе де бізді бей- жай қалдырмайды. 8-сұрақ сабақта оқушылардың ағылшын тілінде сөйлесуді қаншалықты қалайтынымен байланысты болды. Оқушылардың 64% сабақта ағылшынша қатысымға түсуді қалайтыны көңілімізге үміт ұялатса, білім алушылардың 27% бұл мәселеге салқындық танытқаны шешімін іздейтін мәселе екенін айқындай түсті. 9-шы сұрақ ағылшын тілі сабағында жазу мен жазба тілді тапсырмалар орындауға саяды. Оқушылардың 74% жазбаша жұмысқа оң көзқарас білдіріп құптағаны айқындалса, 17% зауқы жоқ екені расталды. Білім алушылардың 9% бұл сұраққа нақты жауап бере алмады. Оқушыларға ұсынылған 10-шы сауал ағылшын тілінде сөйлеу мен жазу оқушылар көзқарасы бойынша қаншалықты қиындық туғызатынын анықтаумен ерекшеленді. Білім алушылардың 56% сөйлеу мен жазба тіл білігін меңгерудің өзіндік қиындығы бар екенін тілге тиек етсе, оқушылардың 27% көңіл қойса, сабақ қызықты болса сөйлесім мен жазу, жазба тілді меңгеруге сенімдері мол екенін білдірді.

Аталмыш зерттеу барысында бастауыш сыныптардан бастап жоғары сыныптарға дейін сөз әрекетінің төрт түрін бір бірімен тығыз байланыста оқыту қағидатын сақтағанда ғана ағылшын тілін бағдарлама талабына сай деңгейде меңгеруге болатынына көзіміз жетті. Белгілі межеге жету үшін рецептивті және продуктивті біліктерді үйлесімді дамыту мақсатында бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сәйкес жаттығулар кешенін түзу зерттеуіміздің екінші кезеңінің еншісінде.

Пайдаланылған әдебиетер:

1. Джамакеева А. Ағылшын тілін оқытуда бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында тиімді әдістер мен жаттығулар пайдалану// Шетел тілін оқыту әдістемесі.-2019.№2.-40-42бб
2. Алхазисвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. -М.:Просвещение, 1988.- 128б.
3. Бухбиндер В.А. Очерки методики обучения устной речи на иностранных языках. - Киев, 1990.-247б.
4. Кузьмина Л.Г. Критерий оценки уровня сформированности умений письменной иноязычной речи//Опыт билингвального образования средствами родного и иностранного языков в России. М, «Еврошкола», Часть 2, 1999. - С.56-58.
5. Кладова И.С. Саморегулируемое обучение письменному высказыванию на уроках английского языка //Иностр. языки в школе.-2018.-№9.-С.50-56.

Тоганасова М.С., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогикалық факультет. ПжП -23 к. тобының студенті.
(*Ғылыми жетекшісі — п.ғ.к., доцент Бейсенбекова.Г.Б.*)

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ЖҰМЫСЫНДА АРТ-ТЕРАПИЯ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМУ

Қазіргі кезеңде білім беру саласында әр түрлі өзгерістер орын алуда. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Білім беру саласында балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машағы мен әлеуметтік дағдысын